

# Бірінші курс студентіне арналған пайдалы кеңестер






## ЕАГИ – дегеніміз:

- ✓ Елорданың алғашқы мемлекеттік емес жоғары оқу орны.
- ✓ Гуманитарлық-педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша дайындайтын институт.
- ✓ Әлеуметтік-бағытталған ЖОО.
- ✓ Тұрақты кадрлық әлеует.
- ✓ Дәстүрлер, корпоративтілік, шығармашылық.
- ✓ Әлеуметтік әріптестік.

*Еуразия гуманитарлық институты*

# SuperСтудент бол!



## Мұнда саған пайдалы кеңестер көмек береді

### Бәрі де басынан басталады...

Еуразия гуманитарлық институты 1995 жылы құрылған.

- ✓ Институт 1998, 2004, 2009 және 2015 жылдары мемлекеттік аттестациядан өтті.
- ✓ 1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасы үшін 8322 маман даярланды.

2010 жылы Қазақстан Болон процесіне қатысушы болды.

*Болон процесі* — Европа мемлекеттерінің бірыңғай европалық жоғары білім беру кеңістігін құру мақсатында жоғары білім беру жүйесін үйлестіру және жақындату процесі.

# ЕАГИ басшылығы



**Ректор — академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор**
**Құсайынов Амангелді Құсайынұлы**




**Бірінші проректор** — психология ғылымдарының кандидаты, профессор **Исмаилов Амангелді Жақсылықұлы**




**Оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор** — тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ахметов Қадыр Әбілжанұлы**



**Әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректор,** педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор **Оспанов Сұлтанбек Сағымбайұлы**




**Тәрбие ісі жөніндегі проректор —** педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент **Оспанова Ярослава Николаевна**

*Еуразия гуманитарлық институты*

# ЕАГИ -дің МИССИЯСЫ МЕН СТРАТЕГИЯСЫ БАР

## Миссия

Қазіргі кәсіби қызмет жағдайында бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандар даярлау

## Стратегия

Еуразия гуманитарлық институты — астананың зияткерлік және білім беру орталығы, қоғам мен мемлекеттің еңбек нарығы талап ететін кәсіби құзыреттерді, инновациялық тәсілдер мен зерттеу дағдыларын меңгерген жоғары білікті кадрлар дайындауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын жетекші ЖОО-лардың бірі

# ЕАГИ –
## әлеуметтік-бағытталған ЖОО



✓ Студенттердің құқықтарын қорғау бойынша заңнама сақталады.

✓ Грант және жеңілдіктер туралы ережеге сәйкес, ЕАГИ-де білім алушыларға оқу ақысын төлеу кезінде жетім, мүмкіндіктері шектеулі студенттерге, спортшыларға, оқу озаттарына, бір отбасынан келген балаларға, ЕАГИ-дің колледжін бітірген студенттерге гранттар мен жеңілдіктер бөлінеді.

✓ Мемлекеттік білім гранты бойынша оқитын жетім студенттер үшін ақысыз тамақтану.

✓ Медициналық пунктте ақысыз қызмет көрсету.

✓ Спорт және жаттығу залдарына ақысыз кіру.

✓ Wi-Fi және ғаламторға шығу (ақысыз).

✓ Әлеуметтік маңызды аурулардың алдын алу.

✓ Денсаулығы нашарлаған студенттер үшін қосымша сабақтар.

# SuperСтудент Ар кодексін сақтайды



Студент өз бойындағы жеке шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған мамандығының кәсіби шебері болуға, Қазақстан Республикасына лайықты азамат болуға ұмтылады.

Студент үлкендерге құрметпен қарайды, өз ортасына қарым-қатынас кезінде дөрекілік танытпайды және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық көрсетіп, мүмкіндігінше қамқор болады.

Студент парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі, әдепсіздікке және жыныстық, ұлттық, діни бөлулер мен шектеулерге жол бермейді.

Студент салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден аулақ болады.

Студент жоғары оқу орнының дәстүрлерін құрметтейді, оның мүліктерін қорғап, Студенттер үйінің тәртібі мен тазалығын қадағалайды.



Студент жоғары оқу орнының абырой-беделі мен мәдениетін көтеруге, шығармашылық белсенділікті дамытуға бағытталған (ғылыми, спорттық, көркемөнер т.с.с.) барлық қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді мойындайды.

*Бірінші курс студентіне арналған пайдалы кеңестер*

Студент жоғары оқу орнының қабырғасынан тыс уақытта, өзінің жоғары мектептің өкілі екенін есте ұстап, оның намысы мен жетістіктеріне дақ түсірмеуге барлық күшін жұмсайды.

Студент академиялық ықылассыз іс-әрекеттің барлық түрімен күресуді өзінің парызы деп санайды, олардың қатарында:

- ✓ білімді бақылау кезінде басқа адамдардан көшіру және көмек сұрау;
- ✓ көлеміне қарамастан барлық дайын оқу материалдары: мәнжазбалар, курстық жұмыстар, бақылаулар, дипломдық және басқа да жұмыстарды, сонымен қатар, өзінің жеке еңбегінің нәтижесі ретінде Интернет-ресурстарын дайындау;
- ✓ жоғары баға алу үшін өзінің туыстық немесе қызметтік байланыстарын пайдалану;
- ✓ сабақ кезінде серуендеу, сабақтан кешігу және себепсіз оқу сағаттарын босату.



*Студент болашақта Қазақстанның экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайық сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуда, жоғарыда айтылған барлық академиялық ықылассыз іс-әрекеттер үйлесімділік танытпайды деп санайды.*

## Салтанатты жағдайларда
## SuperСтуденттер ЕАГИ ГИМНІН айтады.

# ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ГИМНІ

Сөзін жазған Шөмішбай Сариев
Музыкасын жазған Сұлтанбек Оспанов

Басталды өмір жол басы,
Қарашаңырақ қолдашы.
Батыс-Шығыс бар әлем,
Еуразия ордасы.

Қайырмасы

Туды бізге таң алдан,
Кеудемізде сан арман
Саған мәңгі шәкіртпіз,
Еңсең биік ақ ордам!

Ұстаз-Шәкірт сезіммен,
Жайсаң жастық кезімнен.
Шаңырағы білімнің,
Білім алдық өзіңнен.

Қайырмасы

Ақ ордамдай еңселім,
Ұлы Ұстазым, бар сенім.
Қасиетті қараорман,
Шәкіртіңмін мен сенің.

Қайырмасы

Білім мәнін түсіндім,
Талай шәкірт ұшырдың.
Жаныма ыстық ұямсың,
Сенен ұшқан құсыңмын.

Қайырмасы



# Олар саған SuperСтудент болуға көмектеседі:

**Декан**
**Мамаділ Қайрат Асылбекұлы**, *филология ғылымдарының кандидаты, доцент*
тел.: 562-256

**Деканның орынбасары**
**Кохович Светлана Даниловна**
тел.: 571-230



**Бас есепші**
**Хасенова Асем Яхиденқызы**
тел. 562-103

Білім беру сапасы мониторингі бөлімінің бастығы **Байльденов Болат Тасығанұлы**
тел.: 571-230



*Еуразия гуманитарлық институты*

Студенттердің
жеке құрамы
бойынша әдіскер
**Нечипоренко
Наталья Симагулловна**
тел.: 571-225

Тіркеу кеңсесінің
бастығы
**Байжұманова
Қазнагүл
Темірбайқызы**
тел.: 571-224



Академиялық ұтқыр-
лық және халықара-
лық бағдарламалар
жөніндегі координатор
**Сандыбаева
Айгүл Талғатқызы**
тел.: 561-933

Кітапхана
директоры
**Хамзина
Салтанат Болатқызы**
тел.: 499-540

Жастар ісі
жөніндегі комитеттің
төрайымы **Тырнахан
Нұргүл
Тырнаханқызы**
тел.: 561-933

Баспасөз орта-
лығының жетекшісі
**Қамзина Жанар
Ермұратқызы**
тел. 561 933



# ЕАГИ-дің SuperСтуденті біздің дәстүрлерімізді құрметтейді және сыйлайды:

**БІЛІМ КҮНІ**

Бұл күні номинация бойынша жеңімпаздар дипломмен марапатталады:

- ✓ Президент стипендиясының иегері.
- ✓ «Жылдың үздік студенті».
- ✓ «Кафедраның үздік ЖІК төрағасы».
- ✓ «Жылдың үздік академиялық тобы».
- ✓ Институттың үздік жас оқытушысы 2 жылда 1 рет.
- ✓ «Жылдың үздік кураторы».

**СТУДЕНТ ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ;**
**ДАРЫНДЫЛАР ОТ ШАШУЫ;**
**«Таза сессия» атты СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ АКЦИЯ;**
**ЕУРАЗИЯ НАУРЫЗДЫ қарсы алады;**
**ЕАГИ аруы;**
**ЕАГИ сұлтаны;**
**Халықаралық студенттер күні;**
**Оқытушыларға, қызметкерлер мен студенттерге арналған «БИЛЕ! БИЛЕ!» ЖОБАСЫ;**
**Ректор кубогіне арналған СПАРТАКИАДАЛАР;**
**Ректор кубогіне арналған КТК (КВН).**









**Бұл жерде сенің фото суретің болуы мүмкін**











# ЕАГИ-дің SuperСтуденті болашақ мамандығын белсенді түрде меңгереді

- ✓ Қазақстан халқы тілдерінің апталығы.
- ✓ Мұғалім күні.
- ✓ Педагогикалық олимпиада.
- ✓ Қаржыгер күні.
- ✓ Шетел тілдері апталығы.
- ✓ Аудармашы күні.
- ✓ Заңгер күні.



# SuperСтудент үлкендердің кеңесін тыңдайды



## ЖОО-НЫҢ ӘКІМШІЛІГІМЕН ЖИНАЛЫС-КЕЗДЕСУЛЕР.

## АЛҒАШҚЫ КУРАТОРЛЫҚ САҒАТ:

- ✓ Еуразия гуманитарлық институтының ішкі тәртіп ережелерімен танысу;
- ✓ Еуразия гуманитарлық институтының Жарғысымен танысу;
- ✓ ЖОО студентінің Ар кодексімен танысу;
- ✓ Кредиттік технология ережелерімен танысу;
- ✓ ЕАГИ дәстүрлері.

# Мұны әр SuperСтудент білуі тиіс

***Силлабус*** *(Syllabus)* — оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі.

***Жеке білім беру траекториясы (ЖБТ)*** — жоғары білімнің білім беру бағдарламасы аясында жеке оқу жоспарына (ЖОЖ) сәйкес, студенттің білім мазмұнын дербес таңдауы, жоспарлауы және меңгеруі.



**ЖБТ *жүзеге асырылады:***

- ✓ мамандандыруды таңдауда;
- ✓ элективті пәндерді таңдауда;
- ✓ практика базасын таңдауда;
- ✓ диплом жұмыстарының, ғылыми жобалардың тақырыптарын таңдауда;
- ✓ диплом жұмысының ғылыми жетекшісін таңдауда;
- ✓ оқу пәндері оқытушыларын таңдауда.

***Жеке оқу жоспары (ЖОЖ)*** — тіркелген оқу пәндерінің және кредит санының тізімі бар типтік оқу жоспары мен пәндер каталогі негізінде құрылатын, студенттің білім беру траекториясын білдіретін құжат.

***Элективтік пәндер*** – белгіленген кредиттер бойынша таңдау компоненттеріне енетін оқу пәндері.

# *SuperСтуденттің* оқудағы бірінші көмекшілері: *эдвайзер, тьютор, куратор*

***Эдвайзер*** — тиісті мамандық бойынша білім беретін, оқу траекториясын таңдауда (жеке оқу жоспарын құруда) және білім беру бағдарламасын меңгеруде көмектесетін академиялық тәлімгердің қызметін атқаратын оқытушы.



***Куратор*** — ол кафедрада академиялық топқа қарау тапсырылатын ЖОО оқытушысы.



***Тьютор*** *(ағыл. tutor – тәлімгер)* — тарихи қалыптасқан маңызды педагогикалық қызмет. Тьютор студенттердің жеке білім беру бағдарламаларын дайындауды қамтамасыз етеді және дараландыру үдерісі мен ЖОО-да жеке білім беруді қолдайды.



# SuperСтудент жазғы семестрге жазылып және оқып та қосымша білім алады

*Жазғы семестр* — оқу жылының шеңберінен тыс академиялық кезең.

**Жазғы семестрде білім алу мынадай студенттер үшін ұйымдастырылады:**

— оқу жоспарын толық орындағандарға қосымша пәндерді игеру мақсатында;
— қайта қабылдану кезінде, басқа ЖОО-дан ауысқанда және академиялық демалыстан шыққанда академиялық айырмашылықтары барларға;
— оқу жоспарын орындамағандар мен академиялық қарыздары барларға;

**Сонымен бірге:**

— басқа ЖОО-мен келісімге келе отырып, өзге ЖОО-да оқу пәндерін және кредиттерді меңгеру, өз ЖОО-сында оларды қайта тапсыру;
— үлгерімнің орташа балын арттыру үшін (GPA).

*Студенттерді жазғы семестрге жазу, жазғы емтихан сессиясы аяқталған соң, тіркеу кеңсесінде жүзеге асырылады.*

## SuperСтудент өзін жетілдіреді

- ЖОО-ның Жастар ісі жөніндегі комитеті (ЖІК);
- Кафедралардың ЖІК-тері.

## SuperСтудент өзінің Ақылын, Денесін, Дарынын жетілдіреді



- «ЕАГИ-ВИКТОРИЯ» дебаттық клубы;
- «Еуразия және жастар» лекторийі;
- ЖОО-ның «Жас ұрпақ» газеті;
- «Тұран», «Жас ғалым», «Қаржыгер» ғылыми үйірмелері;
- «Асыл жүрек» студенттік еріктілер клубы;
- «Поэзия, менімен егіз бе едің?» ақындар клубы;



- Ағылшын және неміс тілі клубтары, «Etoilefrançaise» француз тілі клубы;
- «Аққу» әдеби-шығармашылық бірлестігі;
- жастар-жедел отряды;
- «Заңгер» студенттік заң клиникасы;
- студенттік баспасөз орталығы;
- балдық-спорттық би студиясы;
- вокал студиясы;
- көңілділер мен тапқырлар клубы (КТК);

- вокалды-аспаптық ансамбль;
- «Серпер» домбыра ансамблі;
- еріктілер ұйымы;
- мини-футбол секциясы;
- волейбол секциясы;
- баскетбол секциясы;
- шахмат клубы;
- армрестлинг;
- тоғызқұмалақ;
- гір спорты.



## КЕҢЕС БЕРЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ:

- әлеуметтік көмек көрсету саласындағы мәселелер бойынша студенттерге кеңес беру;
- жағдайы нашар отбасыларынан шыққан студенттермен жұмыс;
- тамақ сапасын жақсарту мақсатында сауалнама өткізу;
- студенттік ғылыми конференцияларға, олимпиадаларға, конкурстарға, спорттық жарыстарға қатысатын студенттерге материалдық қолдау көрсету.



# ЕАГИ-де SuperСтудентке мынадай қызмет те көрсетіледі:

✓ «Таза сессия», «Оқытушылар студенттер көзімен» акциясын ұйымдастыру және өткізу штабы.

✓ Қоғамдық қабылдау бөлмесі (101-каб., №2 оқу ғимараты).

✓ «Ұсыныстар, ескертулер мен тілектерге арналған жәшік» (1-қабат, №2-оқу ғимараты).

✓ «Жедел желі» сенім телефоны қызмет атқарады: 56-20-09.

✓ ЕАГИ-де инклюзивтік білім беруді қолдау бойынша психологиялық-педагогикалық қызмет көрсету (жетекшісі — психология магистрі Тойшибекова Майра Қанапиякызы).

✓ Еріктілерді дайындау орталығы (жетекшісі — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Оспанова Ярослава Николаевна).

✓ Психологиялық қызмет көрсету (жетекшісі-психология ғылымдарының докторы, профессор Абдрашитова Татьяна Анатольевна).

✓ Студенттік қонақ бөлме (3-қабат, №1 оқу ғимараты).

✓ Студенттік кафе.



*Еуразия гуманитарлық институты*




**Құттықтаймыз, сен SuperСтудент болдың!**

*ЕАГИ өмірінің барлық оқиғалары туралы www.egi.kz сайтынан, «Тілдесу қабырғасынан» біле аласыз және «Жас ұрпақ» атты институт газетінен оқи аласыз*




Байланыс мекенжайы

010009,
Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Алматы ауданы,
М. Жұмабаев даңғылы, 4
Веб-сайт: www.egi.kz
E-mail: eagi@list.ru
тел./факс: (7172) 56-19-33